



«Бекітемін»  
ҚР БІМ «Ұлттық тестілеу  
орталығы» РМҚК директорының  
м.а.

Р. Емелбаев

« 20 » 10. 2021 ж.

## Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу бойынша «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен

### ТЕСТ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты және «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес құрастырылған құжат.

**1. Тест мақсаты:** білім алушылардың «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін меңгеру деңгейлері мен функционалдық сауаттылықтарының қалыптасу деңгейлерін бағалау.

**2. Тест құрылымы:** тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде – 30%, орташа деңгейде – 50%, жоғары деңгейде – 20%.

**Базалық деңгей:** мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, мәтіндегі негізгі ойды анықтау; көтерілген мәселені анықтау; мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беру, мәтін бойынша детальді ақпаратты анықтау.

**Орташа деңгей:** мәтінде көтерілетін мәселені анықтау; мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аударып отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау; мәтін бойынша детальді ақпаратты анықтау; мәтін мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау; материалдар негізінде тапсырманың маңызды тұстарын анықтау, әртүрлі мәтіндердегі мәліметтерді талдау, негізгі үрдістерді анықтау, мәтіндердің құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау.

**Жоғары деңгей:** мәтін тақырыбы арқылы негізгі түйінді анықтау, әртүрлі мәтіндердегі мәліметтерді талдау, негізгі ойды анықтау, мәтіндердің құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау, ғылыми-көпшілік, таза ғылыми стильді тілдік құралдар арқылы тану, әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау.

Оқылым материалдары бойынша негізгі ойды анықтау мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу.

Тест білім алушының коммуникативті-тілдік құзіреттілігінің қалыптасу деңгейлерін бағалауға бағытталған екі бөлімнен тұрады. Тапсырмалардың жалпы саны – 15.

#### **I бөлім - «Оқылым»**

I бөлімінде берілетін мәтін саны - 1. Мәтіндегі сөз саны 200-250-ге дейін болады. Мәтін мазмұны бойынша берілетін тест тапсырмасы – 5. Тест тапсырмасының формасы – бір дұрыс жауапты.

#### **II бөлім - «Лексика-грамматика»**

II бөлімінде берілетін тест тапсырма саны - 10. Тест тапсырмасының формасы – бір дұрыс жауапты.

### 3. Тест мазмұны

Тест мазмұны білім алушылардың «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасын меңгеру талаптарын (оқылым, әдеби тіл нормалары) бағалауға бағытталған.

Оқылым				
р/с	Бөлімі	№	Тақырыбы	Мақсаты
01	Оқылым	1	Еңбек нарығы және сұраныс	Ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (мақала) құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдау
		2	Отандық өнеркәсіп өнімі	Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтау
		3	Ұлттық экологиялық мәдениет	Ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (тезис) құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдау;
		4	Мұхит – тіршілік мекені	Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдау және кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау
		5	Ұлттық таным мен мерекелер	Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтау
02	Лексика-грамматика	6	Әлеуметтік теңсіздік: адам құқықтары және көмек	Мәтін құрауда сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдерін орынды қолдану
		7	Жастардың денсаулығы - қоғам байлығы	құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, жазба жұмыстарында орынды қолдану
		8	Сандық технологияны пайдаланудағы теңсіздік	Құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, жазба жұмыстарында орынды қолдану
		9	Тіл. Өнер. Әдебиет.	Сын есім сөздердің синонимдік қатарын стильдік ерекшеліктеріне сәйкес қолдану



		10	Тәуелсіз еліміздің өткені мен келешегі	Мәтін құрауда есімдіктердің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай қолдану
		11	Ұлттық театр – өнер ордасы	Мәтіндерден көсемше оралымды сөйлемдерді анықтап, оларды ауызша және жазбаша мәтіндер құрауда орынды қолдану
		12	Туризм: экотуризм	Мәтіндерден көсемше оралымды сөйлемдерді анықтап, оларды ауызша және жазбаша мәтіндер құрауда орынды қолдану
		13	Жаһандық мәселелер: көші-қон саясаты	Мәтін құрауда шылаудың мағыналық түрлерін стильдік қызметіне сай орынды қолдану
		14	Толеранттылық-елбірлігі	Оқшау сөздердің қызметін білу, жазба жұмыстарында орынды қолдану
		15	Ұлт мұраты – ұлттық қауіпсіздік	Оқшау сөздердің қызметін білу, жазба жұмыстарында орынды қолдану

#### 4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша білім алушылар:

1) сөйлеу тәртібінің, бағалаудың ашық және жасырын берілген түрлерін талдай отырып, тілдесуге арналған түрлі саладағы мәтіндерді түсінеді; мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап береді, мәтіндегі негізгі ойды анықтайды; көтерілген мәселені анықтайды; әртүрлі мәтіндердегі мәліметтерді талдайды, мәтіндердің құрылымы мен рәсімделуін біледі; стилистикалық дифференциацияны есепке ала отырып, тілдік бірліктерді қолдану құрылымы мен нормаларын сақтайды;

2) түрлі типтегі, стиль мен жанрдағы, оның ішінде ғылыми-көпшілік, таза ғылыми тақырыптағы мәтіндердің мазмұнын түсінеді; мәтіннің жасырын мағынасын және мәтінге енгізілген көркем бейнелеуіш құралдардың мәнін анықтай алады; күрделі мәтіндердің тілдік, композициялық және жанрлық ерекшеліктерін айқындайды; әртүрлі жанр мен стильдегі мәтіндердің композициялық, лингвистикалық, жанрлық және стилистикалық ерекшеліктерін салыстырады.

#### 5. Тест тапсырмаларының бағалануы

Тест бөлімдері	Тест тапсырмасының формасы	Тест тапсырмасының саны	Максималды бастапқы балл	
			Бір тест тапсырмасы үшін	Жалпы тест үшін
I бөлім «Оқылым»	Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған	5	1	5
II бөлім «Лексика-грамматика»	Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған	10	1	10
<b>Барлығы:</b>		<b>15</b>	<b>2</b>	<b>15</b>

### 6. Тест тапсырмаларын орындауға жұмсалатын уақыт

<b>Тест бөлімдері</b>	<b>Тест тапсырмасының формасы</b>	<b>Тест тапсырмасының саны</b>	<b>Тест тапсырмасының орташа орындалу уақыты (мин)</b>	<b>Орындауға жұмсалатын жалпы уақыт (мин)</b>
I бөлім «Оқылым»	Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған	5	2	10
II бөлім «Лексика-грамматика»	Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған	10	2	20
<b>Барлығы:</b>		<b>15</b>		<b>30</b>